



# Nur Qorgaljyn

РУХАНИ  
ЖАҒЫРУ

ҚАЗАҚСТАН  
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ  
30 ЖЫЛ

НҰР-ҚОРҒАЛЖЫН

Аудандық газет 1928 жылдан  
бастап шығады

Аудандық қоғамдық саяси газет 2012 жылдың 1 маусымынан бастап шығарылады

№ 38 (630) БЕЙСЕНБІ 19 ТАМЫЗ 2021 ЖЫЛ

## Хабарландыру

Қорғалжын аудандық мәслихат депутаттарының және аудан тұрғындарының назарына

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару» туралы Қазақстан Республикасы Заңының 10 бабына сәйкес, 2021 жылғы 25-ші тамызда сағат 11.00 –де Қорғалжын аудандық мәслихатының жетінші шақырылған X кезекті сессиясы шақырылатынын хабарлаймын.

Сессияның күн тәртібінде төмендегі негізгі мәселе қаралады:

1. «Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 13 желтоқсандағы «Әкімдердің мәслихаттар алдында есеп беруін өткізу туралы» № 1122 Жарлығына сәйкес аудан әкімі Б. Жанбаевтың есеп беруі.

2. Әр түрлі сұрақтар.

Б. Рыспаев,  
аудандық мәслихат хатшысы

## Хабарландыру

Қорғалжын аудандық мәслихат депутаттарының және аудан тұрғындарының назарына

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару» туралы Қазақстан Республикасы Заңының 10 бабына сәйкес, 2021 жылғы 31-ші наурызда сағат 11.00 –де Қорғалжын аудандық мәслихатының жетінші шақырылған екінші кезекті сессиясы шақырылатынын хабарлаймын.

Сессияның күн тәртібінде төмендегі негізгі мәселелер қаралады:

1. Ақмола облысының санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаменті Қорғалжын аудандық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының жұмысы туралы.

Баяндамашы Ақмола облысының санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаменті Қорғалжын аудандық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы З. Бексұлтанова

2. 2020 жылы Қорғалжын аудандық мәслихатының атқарған жұмысы туралы

Баяндамашы – Қорғалжын аудандық мәслихатының хатшысы Б. Рыспаев

Қорғалжын аудандық мәслихатының хатшысы  
Б. Рыспаев

## Вакцину QazVac официально зарегистрировали в Кыргызстане

Казахстанская вакцина против COVID-19 официально зарегистрирована в Кыргызской Республике, передает МИА «Казинформ».

Об этом сообщил министр здравоохранения РК Алексей Цой на своей странице в Facebook. Глава Минздрава выложил регистрационное удостоверение, датированное 18 августа 2021 года.

Напомним, 28 июля 2021 года 25 тысяч доз казахстанской инактивированной вакцины QazVac было доставлено в Кыргызстан в качестве гуманитарной помощи, в рамках сотрудничества в борьбе с пандемией COVID-19. Доставка казахстанской вакцины была организована Правительством РК в соответствии с поручением Президента Казахстана Касым-Жомарта Токаева по результатам его переговоров с Президентом Кыргызстана Садыром Жапаровым.

QazVac разработана Научно-исследовательским институтом проблем биологической безопасности Министерства образования и науки Казахстана и широко используется с начала 2021 года для вакцинирования казахстанцев наряду с препаратами,



разработанными российскими и китайскими специалистами. Клинические испытания и практика ее широкого применения в Казахстане показали безопасность вакцины QazVac и ее высокую эффективность (свыше 90%) в предотвращении заражения коронавирусной инфекцией и ее тяжелых форм. Вакцинация QazVac рекомендована лицам в возрасте от 18 лет и старше и проводится внутримышечно в два этапа.

inform.kz [https://www.inform.kz/ru/vakcinu-qazvac-official-no-zaregistrovali-v-kyrgyzstane\\_a3825537](https://www.inform.kz/ru/vakcinu-qazvac-official-no-zaregistrovali-v-kyrgyzstane_a3825537)



Қазақстан Туристік Ассоциациясы (ҚТА) 1999 жылдың мамыр айында Қазақстан Республикасының Президентінің қолдауымен ашылған болатын. ҚТА коммерциялық емес, үкіметтік емес, республикалық салалық ассоциация болып табылады.

ҚТА-ның құрамына Қазақстан Қонақ үй және Мейрамханалар Ассоциациясының (ҚҚҰЖМА), «Amadeus» компаниясының өкілеттіліктері, туристік, сақтандыру және авиакомпаниялар, жоғарғы оқу орындары және БАҚ кіреді. Ассоциация өздерінің мүшелерінің (қазіргі таңда 350 мүшесі бар) қызығушылықтарын қорғайды, Қазақстан Республикасының туристік қызметін дамыту, оны бақылау қызметін атқарады. ҚТА – кездесулерді, сан қилы шараларды, ғылыми жұмыстарды, оқу бағдарламаларын, семинарларды, презентацияларды, маркетингтік зерттеулерді және т.б. көптеген шараларды өткізетін ыңғайлы орын.

## Қорғалжын ауданы Экотуризмнің ошағы

Мемлекет басшысы Қ. Тоқаев «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» Жолдауында туризмнің, әсіресе, эко және этнотуризмнің дамуына экономиканың маңызды саласы ретінде ерекше көңіл бөлуді тапсырған болатын. Бүгінгі таңда бұл тапсырма аясында Қазақстан Туристік Ассоциациясы барынша нәтижелі жұмыс атқарып келеді. Аталған ұйым Қазақстан Туристік Ассоциациясы (ҚТА) 1999 жылы ашылған болатын. ҚТА коммерциялық емес, үкіметтік емес, республикалық салалық ассоциация болып табылады.



Елімізде экотуризм мемлекеттік қорықтар аймағында көптеп дамып келеді. Сол секілді Қорғалжын өңірі де туристік потенциалы зор аудан. Осы мақсатта бүгін аудан орталығына ҚТА-ның координаторлары келіп, үш күнді қамтитын тренинг жұмысын бастап кетті. А.Шаймұханова, Д.Джардемев, М.Ж.Ибрагимова,

З.А.Мырсамыкова сынды спикерлер жиналған қонақтармен құнды ақпараттармен бөлісіп, түрлі дамытушы ойындар ойнатты. Тренингтің негізгі мақсаты ауданның әсем жерлеріне туристер саяхаттай алатын қонақжайлық үйлер ашуды үйрету. Бұл кәсіпті қарапайым ауыл тұрғындары жүргізе алады.

Яғни, өзінде бар несібесімен келген меймандарды қарсы алып, оларға ерекше болып есептелетін дүниелермен таныстыру. Бұл жерде ешқандай бес жұлдызды қонақ үй қызметі қажет болмайды. Тек қазақы дәстүр мен жергілікті құндылықтарды туристердің көңіліне барынша жеткізе білу.



## Мемлекеттік тілдің деңгейін көтеру біздің мақсатымыз!

Тіл тағдыры - тұтас ұлттың тағдыры. Ұлт ұстазы Ахаң - Ахмет Байтұрсынұлы: «Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы - тілі. Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады», - десе, Мағжан Жұмабаев: «Тілсіз ұлт, тілінен айырылған ұлт, дүниеде ұлт болып жасай алмақ емес. Ондай ұлт құрымақ», - деген екен. Бір ғасыр бұрын айтылған Алаш арыстарының бұл сөздері дәл бүгінгі заманның да тамыр бүлікілін дөп басып тұрғандай.

Мемлекеттік тіл – бүкіл қазақстандықтардың тілі. Сондықтан да «Мемлекеттік тілдің проблемасы – тек қазақ халқының ғана проблемасы» - деп қарауға болмайды. Әлемдегі барлық өркениетті елдердегідей мемлекеттік басқару жүйесінде қызмет істейтіндердің бәрі бұл тілді білуге міндетті. Оны ол мемлекеттік тіл болып есептелмейді. Конституциялық талап осы. Оған қоса мәдениеті жоғары адам басқа тілдерді білуге өзі де ұмтылуға тиіс. Басқа шет елдерде халқының тілін білмесең, лауазымды қызметке орналасуды былай қойғанда, тіпті күнін де көре алмайсың. Республикамызда мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту – бүгінгі таңдағы өзекті мәселе. Ал бұл істің шешуі шыдамдылық пен табандылықты талап етеді және тілді үйрету зорлықпен емес, шынайы ынтымақпен ыңғайланатын шаруа. Қазақ тілін білуге міндеттеу ешкімнің құқығына қол салғандық бол-

майды. Мемлекеттік тілді білу – кәсіби талап.

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Қазақстан халықтары ассамблеясының XII сессиясында сөйлеген сөзінде атап көрсеткен болатын: «Қоғамға біздің тіл саясатымыздың мәнін тереңірек және дәлірек түсіндіру керек... Қазақстандағы жастар мынаны білуі тиіс: мемлекеттік тілді білмейінше, мемлекеттік органдарда, қызмет көрсету саласында, құқық қорғау органдарында немесе сот саласында жұмыс істеуге мүмкін болмайды. Мемлекеттік тілде қойылған сұрақтарға сол тілде жауап беруге тура келеді. Уақыт бар, мүмкіндік бар, мемлекеттің қолдауы бар - өз функцияларыңды қажетті деңгейде жүзеге асыру үшін тілді үйрену керек. Бұл әбден қалыптғы және өркениетті шарт».

Мемлекеттік тіл – мемлекеттің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік



басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздарын жүргізу тілі болғандықтан, жүргізілетін барлық іс-қағаздары мен құжаттар мемлекеттік тілде болуы тиіс. Өйткені өркениетке құлаш ұратын елдің өрісі қашанда білікті де, саналы ұрпақпен кеңеймек. Әлемдегі дамыған елдердің санатына енуді көздеген халықтың басты мақсаты сауатты ұрпақ тәрбиелеу.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты төрағасының 2009 жылдың 27 ақпанындағы «Іс-қағаздарын мемлекеттік тілге көшіру туралы» №36 өкімі

Республикамыздың барлық соттарында қолданылады. Қазір іс қағаздарын жүргізу номенклатурасына сәйкес жүргізілетін кітаптар, есептік карточкалар, сот тәжірибесінің талдаулары, жедел кеңес және семинар сабақ хаттамалары, жоғары

сатыдағы соттармен және басқа да мемлекеттік мекемелермен хат алмасу тек мемлекеттік тілде жүргізіледі.

Яғни, сот саласындағы кіріс құжаттарының 80,5 пайызы, шығыс құжаттарының 100 пайызы қазақ тілінде дайындалады. Сот өзінің қызметінің ашықтығын қамтамасыз ете отырып, Қазақстан азаматтарының объективті ақпарат алудағы конституциялық құқығын жүзеге асыра отырып қана қоймай, сот билігінің беделін нығайтып, сот жұмысының сапасын жақсартады. Сот істерінің басым бөлігінің ресми тілде жүргізілуі себептерінің бірі, сотқа жүгінушілердің мүддесін қорғаушы адвокаттар, заңдық көмек көрсетуші өкілдердің қазақ тілін жетік білмеуінен. ҚР Азаматтық іс жүргізу кодексінде сот ісін жүргізу тілі, сотқа талап арыз берілген тілге қарай, сот

ұйғарымымен белгіленетіні көрсетілген. Бұл дегеніміз, сотқа талап арыз қай тілде берілсе, іс сол тілде қаралып, сот актісі де сол тілде қабылданады деген сөз.

Елбасымыз айтқандай «Біздің, бүкіл қазақстандықтардың басын біріктіретін басты фактор – мемлекеттік тіл. Қазақ елінің туған тілін дамыту үшін барлық күш-жігерімізді жұмсауымыз керек», - деуінің өзі-ақ әрбір саналы азаматқа көп жайды аңартса керек.

Сонымен қатар Елбасымыздың «Қазақ тілі үш тілдің біреуі болып қалмайды. Үш тілдің біріншісі, негізгісі, бастысы, маңыздысы бола береді. Қазақ тілі-Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі. Және оған қамқорлық та сондай дәрежеде болады», - деген жолдауын ұстанамын.

**Қорғалжын аудандық сотының жетекші маманы Л.Нурбекқызы.**



## Көкшетауда кешенді спорт алаңы ашылды

**Ақмола облысында бұқаралық спортты дамытуға көп көңіл бөлінеді. Жыл сайын жаңа спорт алаңдары, стадиондар, дене шынықтыру-сауықтыру кешендері салынады.**

Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығы мен Конституция күні қарсаңында Көкшетауда Қажымұқан атындағы №3 облыстық мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер олимпиадалық резерв мектебінің аумағында жаңартылған кешенді спорт алаңы ашылды, деп хабарлайды ішкі саясат басқармасы.

Дене шынықтыру және спорт басқармасының хабарлауынша, күрделі жөндеуден кейін заманауи талаптарға сай келетін спорт нысанында балалар футбол мен баскетбол ойнап, стритворкаутпен айналыса алады.

"Жаңа алаң травматикалық қауіпсіз жабынмен жабылған және қоршалған, барлық қажетті спорттық жабдықтармен жабдықталған. Біздің міндетіміз - жас спортшыларға қолайлы жағдай жасау. Алаң жыл бойы сұранысқа ие болады деп үміттенеміз. Балалар мұнда спорттың ойын түрлерін үйреніп, салауатты өмір салтын ұстансын", - деп атап өтті дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Әсет Букубаев.

Жаңартылған спорт алаңының ашылу-

ын балалар мен жасөспірімдер мектебінің қызметкерлері қуана қабылдады.

"Мектеп секцияларының тәрбиеленушілері әрдайым осында айналысады. Мектепке жақын шағын ауданның балалары да әр күні осында. Бәрі жақсы жаққа қалай өзгертетінін және спорт инфрақұрылымы жыл сайын жақсарып, жаңарып жатқанын көреміз", - деп бөлісті баскетбол жаттықтырушысы Виктория Волкова.

Айта кетейік, бүгінде облыста 2 483 спортғимараты жұмыс істейді, оның 70% ауылда, әр түрлі спорт түрлері бойынша секциялар жұмыс істейді.

"Ауыл – ел бесігі" бағдарламасы аясында биылғы жылы Жақсы ауылында дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің және Бурабай ауданының Мәдениет ауылында спорт кешенінің құрылысын бастау жоспарлануда. Сонымен қатар, Щучинск қаласында Спорт сарайының құрылысына облыстық бюджеттен қаражат бөлінді, 12 аудан жаңа спорт алаңдарын алады. Шортанды кентіндегі стадионға күрделі жөндеу жүргізіледі.

## Конституция біздің құқықтарымыз бен бостандығымыздың айқын көрінісі

**1995 жылғы 30 тамызда Қазақстан Республикасының Конституциясы қабылданып, өзінің демократиялы, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет екенін бүкіл әлемге танытты.**

Егеменді еліміздің алғашқы Конституциясы 1993 жылы 28 қаңтарда XII шақырылған Қазақстан Жоғарғы Кеңесінің IX сессиясында қабылданғанын ерекше атап өткен жөн. Онда қазақ тілін мемлекеттік тіл деп тану, билікті бөлісу принципі, мемлекет тәуелсіздігі, егемендік, сот органдары және басқа да маңызды мәселелер қамтылғанын жақсы білеміз.

Еліміздің Ата Заңы адамзат баласының жүздеген жылдар бойы қалыптасқан жалпы құндылықтарын өз бойына сіңірді. Біздің тәуелсіздігіміздің кепіліне айналған Конституция – бабалардың даналығы мен қазіргі заманның рухын бірлестіре үйлестірген, жүзден аса ұлттар мен ұлыстардың теңдігін, тегіне қарамастан бекіткен Ұлы құжат болды.

Ата Заңымыз мемлекеттіліктің барлық арман-мүддесін толық қамтыған, елімізде жүзеге асқан және жүзеге асатын саяси, экономикалық және әлеуметтік жаңарулар мен жетістіктердің құқықтық тұғыры ретінде бағаланды.

Ұлттық рухымыздың адастырмас темірқазығындай болған тоғыз бөлімнен тұратын Конституцияда «Адам және азамат» деп аталатын бөлім, елдің ең асыл қазынасы – адам және оның құқықтары мен бостандығын қорғауға арналған.

Ата Заңымызды қабылдай оты-

рып, біз өз тәуелсіздігімізді одан әрі нақтылай түстік. Қазақстан Республикасы – президенттік басқару нысанындағы біртұтас мемлекет, республиканың егемендігі оның бүкіл аумағын қамтиды. Мемлекет өз аумағының тұтастығын, қол сұғылмауын және бөлінбеуін қадағалайды. Міне, осы сынды жаңа құқықтық нормалар елдің тәуелсіздігін толықтай құқықтық тұрғыда қамтамасыз етуде.

Конституцияда көрсетілген саяси, әлеуметтік-экономикалық және құқықтық міндеттерді жүзеге асыруға бағытталған мақсаттар тәуелсіздіктің арқасында еңсесін тіктеген Қазақ елінде қай салада болсын жемісті жүзеге асырылуда.

Бүгінгі таңда саясаты салмақты, экономикасы еңселі, әлеуметтік жағдайы әлді, халқы тату, қорғанысы бекем, болашағы жарқын еліміз Ата Заңның аясында өркениетті елдермен терезесі тең мемлекеттің бірегейіне айналды.

Күллі халықтың талқысынан өтіп, ел игілігіне айналған Ата Заңымыз біздің мемлекетіміздің басты төлқұжаты болып саналады.

Конституция – арайлы азаттығымыздың айғағы, жарқын болашағымыздың бұлжымас бағдары болып қала бермек.

**Қорғалжын аудандық сотының бас маманы Отанмұратов Е.Б.**

## Процедуры приема и обработки обращений физических и юридических лиц в ИС «Е-отиниш»

В связи с введением в действие с 01 июля 2021 года Административного процедурно-процессуального кодекса Республики Казахстан (далее - АППК), а также проведением процедур приема и обработки обращений физических и юридических лиц в ИС «Е-отиниш» с дублированием в СЭД «Документолог» необходимо работа с обращениями должна проводится одновременно в двух информационных системах в полном объеме на всех этапах: регистрация, рассмотрение руководством, определение ответственных исполнителей, создание проектов исполнителями, согласование соответствующими руководителями, подписание руководителем, снятие с контроля.

Приказом Генерального Прокурора РК от 19.05.2021 г. №70 утверждены Правила регистрации, учета обращений, поступающих в государственные органы, органы местного самоуправления, юридические лица со стопроцентным участием государства, а также ведения информационной аналитической системы «Электронные обращения» (далее - Правила), вступившие в силу с 1 июля т.г.

В связи с чем, руководителям рай(гор) отделов необходимо ознакомить работников, вверенных Вам подразделений с приказом и провести соответствующие обучения согласно Правилам.

В соответствии со статьей 64 АППК, обращение, поданное в порядке, установленном Кодексом, подлежит обязательному приему, регистрации, учету и рассмотрению. Отказ в приеме обращения запрещается.

В случае подачи обращения в государственный орган, орган местного самоуправления, юридическому лицу со стопроцентным участием государства заявителю выдается талон, содержащий уникальный номер, с указанием даты и времени, фамилии и инициалов, должности лица, принявшего обращение. Обращение регистрируется в день его поступления. Если обращение поступило в нерабочий день, то оно регистрируется в ближайший следующий за ним рабочий день.

Обращения, поступившие по общедоступным информационным системам и соответствующие требованиям законодательства Республики Казахстан об электронном документе и электронной цифровой подписи, подлежат рассмотрению в порядке, установленном АППК.

В соответствии с п. 1 ст. 76 АППК – срок административной процедуры, возбужденной на основании обращения составляет пятнадцать рабочих дней со дня поступления обращения, если иное не предусмотрено законами Республики Казахстан.

В связи с тем, что в ИС Е-отиниш технически не реализована функция редактирования срока исполнения по обращению согласно законам РК, сроки по исполнению выстав-

ляются УДОиА в СЭД «Документолог» до реализации вышеуказанной функции в ИС Е-отиниш.

Также, в связи с отсутствием функции переадресации на период отпуск, болезни, руководителям держать на контроле своевременность рассмотрения и предоставления ответа на обращения.

Строго соблюдать законодательные сроки при предоставлении ответа:

- 5 рабочих дней - по жалобам услугополучателей по вопросам оказания госуслуг сроки (п. 2 ст. 25 Закона РК от 15.04.2013 г. «О государственных услугах»);

- 10 рабочих дней - по запросам адвокатов, связанным с оказанием им юридической помощи сроки (п. 8 ст. 35 Закона РК от 5.07.2018 г. «Об адвокатской деятельности и юридической помощи»);

- 3 рабочих дня - по запросам судебных исполнителей (ст. 87 Закона РК от 02.04.2010 г. «Об исполнительном производстве и статусе судебных исполнителей»);

- 3 рабочих дня - по запросам правоохранительных, судебных органов по находящимся в производстве уголовным, гражданским, административным делам, судебных исполнителей находящимся в производстве исполнительного документа, органов госдоходов, опеки и попечительства (ст.17 Закона РК от 26.07.2007 г. «О государственной регистрации прав на недвижимое имущество»);

- 7 рабочих дней – по запросам средств массовой информации о предоставлении информации (ст.18-1 Закона РК от 23.07.1999 года № 451-І «О средствах массовой информации»);

- в течении 3 суток – по требованиям органов уголовного преследования, предъявленные в соответствии с законодательством РК (ст.34 УПК РК).

**Отдел Коргалжынского района по регистрации и земельному кадастру филиала некоммерческого акционерного общества «Государственная корпорация» Правительство для граждан по Акмолинской области**

1 сентября 2020 года Глава государства в своем Послании народу Казахстана «Казахстан в новой реальности: время действий» поручил внедрить в Казахстане трехзвенную модель с четким разделением полномочий.



Согласно изменениям в законодательстве Республики Казахстан, с начала текущего года работаем по новой трехзвенной модели уголовного процесса.

Трехзвенная модель правосудия применяется практически во всех странах. При такой модели за уголовный процесс отвечают три звена: полиция, прокуратура и суд. Полномочия между этими структурами четко разграничены.

Первое звено - полиция - должно выявлять преступления, устанавливать причастных лиц, собирать улики.

Второе звено - прокуратура - обязана давать независимую оценку собранным доказательствам, пресекать нарушения прав граждан, не допускать вовлечения добросовестных граждан в уголовный процесс, поддерживать обвинение в суде.

Третье звено - суд - рассматривает жалобы на действия органов и выносит окончательный вердикт по делу.

Такое разграничение создает правозащитный барьер, ограждая от необоснованных незаконных решений. Каждая из стадий трехзвенной системы служит фильтром, через который должно пройти дело, перед тем, как оно попадет в суд.

Новшества призваны стать гарантом соблюдения конституционных прав граждан, повысить качество следствия, исключить необоснованное вовлечение лиц в орбиту уголовного процесса.

Об этом рассказали на брифинге, прошедшем 03.08.2021 года в здании прокуратуры Коргалжынского района. В нем приняли участие и.о. прокурор района Жандосов Е.Ш., начальник ОП района Ашимов Ч.Б., заместитель начальника ОП района Тусупов Ж.С., старший прокурор прокуратуры района Абилгазиев Д.Ш., наделенные правом расследования.

По словам и.о. прокурора района Жандосова Е.Ш., новый формат нацелил прокуроров на своевременное принятие мер, направленных на отмену незаконных решений. Прокурор осуществляет непрерывный и действенный надзор с начала регистрации уголовного правонарушения в ЕРДР. В текущем году сотрудниками ОП района по уголовным делам принято более 20 ключевых процессуальных решений, требующих согласования (утверждения) прокурора, где на сегодняшний день отказов решений прокурорами не имело место – подчеркнул он.

В свою очередь, начальник ОП района Ашимов Ч.Б. отметил, что, в целом, в уголовном процессе улучшилось качество составления процессуальных документов, появилась возможность процессуальной экономии времени при изучении материалов уголовных дел за счет расширенного использования электронного формата. Особенно это заметно на согласовании решений о прерывании сроков и прекращении производств, что в перспективе, должно позитивно сказаться на качестве и на сроках расследования дел с такими решениями.

При такой модели уголовного процесса происходит трансформация деятельности органов, осуществляющих досудебное расследование. Во-первых, это совершенствование законодательства, во-вторых, изменение подходов к досудебному расследованию и организационных навыков прокуроров и следователей.

В настоящее время в ОП района оборудованы рабочие места сотрудников, осуществляющих досудебное расследование в ИС ЕРДР по проекту «Электронное уголовное дело».

В целях повышения высокого профессионализма на постоянной основе совместно с прокуратурой района проводятся занятия по трехзвенной модели правосудия.

**Прокуратура Коргалжынского района**

## «Спецоперация «Жусан» в Казахстане»

**Вербовщики деструктивных религиозных организаций действуют понятными и простыми методами: отбирают из религиозного населения наиболее колеблющихся граждан, людей с плохим финансовым положением, с низким или неустойчивым моральным вектором или в сложной жизненной ситуации. Далее вербовщики в террористическую ячейку используют изменённые для своих целей основные каноны ислама.**

К примеру, для уговора к переезду в Сирию рассказываются исковерканные доктрины о хиджаде и джихаде. Как известно, хиджра – это исторический исход пророка Мухаммеда со своими сторонниками из Мекки в Медину из-за разногласий с аристократией. С хиджры начинается исламский Новый год. А джихад, согласно канону, это внутренняя борьба с самим собой, избавление от своих пороков.

Спецоперация "Жусан" (с казахского – "попынь") – это масштабная гуманитарная акция по вызволению, переправке из стран Ближнего Востока и реабилитации граждан Казахстана, подверженных деструктивным религиозным идеологиям или насильно удерживаемых в чужой стране. Операция была инициирована

Первым Президентом – Нурсултаном Назарбаевым и осуществлялась с 2019 по 2020 год. Никто из жертв террористов, в том числе осуждённых за уголовные преступления, не лишился гражданства Казахстана. Пример операции "Жусан" повторили власти Узбекистана и Таджикистана.

В конце 2019 года результаты гуманитарной спецоперации "Жусан" были презентованы на конференции ООН представителям международным организаций и СМИ. В январе, в ходе первого этапа операции, эвакуировали 47 граждан Казахстана, в том числе 30 детей. Второй этап операции "Жусан" был проведен 7 и 9 мая. В эти дни из Сирии был эвакуирован 231 казахстанский гражданин, в том числе 156 детей.

Во время третьего этапа операции, с 28 по 31 мая, в Казахстан вернулся 171 ребенок. Во время четвертого этапа операции было возвращено на родину 71 человек. За все этапы спецоперации "Жусан" на родину вернули 595 наших соотечественников. Более 400 из них - дети. В рамках первого этапа в Казахстан вернулись 47 человек: 6 мужчин, 11 женщин, 30 детей, второго - 231 человек: 16 мужчин, 59 женщин, 156 детей (18 сирот), третьего - 246 человек: 8 мужчин, 67 женщин, 171 ребенок (9 сирот), четвертого - 71 человек: 3 мужчин, 19 женщин, 49 детей (5 сирот).

В ходе операции все возвращённые на родину люди были размещены в специальных адаптационных центрах. Им была оказана профессиональная пси-

хологическая и медицинская помощь. А на тех же, кто участвовал в разжигании религиозной вражды и боевых действиях, а также обвинён в террористической деятельности, были заведены уголовные дела. За участие в деятельности террористических организаций осуждены 31 мужчин, 12 женщин.

Казахстанцы достойны гораздо более комфортной жизни, чем та, которую им предлагают мнимые друзья из Сирии или других стран, где присутствуют деструктивные религиозные организации. Граждане нашей страны – умные люди, и даже когда в их мыслях присутствует смятение, а жизненные обстоятельства подталкивают к необдуманным поступкам, жители Великой степи найдут в себе силы поступить правильно – не поддаваться на провокации манипуляторов, коими точно являются экстремисты, террористы и приверженцы деструктивных идеологий.

**Специалист-религиовед  
КГУ «ЦАРМО»  
УДР Акмолинской области  
Манатова С.А.**

## Қорғалжын аудандық сотының судьясы А.Б.Зиада «WhatsApp» желісі арқылы дөңгелек үстел өткізілді

2021 жылғы 11 тамыз Қорғалжын аудандық сотының судьясы А.Б.Зиада «Медиация» тақырыбында «WhatsApp» желісі арқылы дөңгелек үстел өткізді.

Аталған шараға Қорғалжын ауданының кәсіпқой емес медиаторы Б.Т.Жоламанова, Қорғалжын аудандық полиция бөлімінің учаскерлік полициясы Ә.Кибалдин қатысты.

Аталған тұлғаларға медиацияның мақсаттары дауды (дау-шарды) шешуде екі тарапты қанағаттандыратын нұсқасына қол жеткізуі және тараптардың дауласушылық деңгейін төмендету екендігі түсіндірілді.

Медиация – латын тіліндегі mediuse deuty сөзінен шыққан. Екі көзқарастың немесе екі жақтың ортасында болу, ортақ жолды ұсыну, бейтарапты болу деген мағынаны білдіреді.

Медиация көптеген ғасырлар бойы бейбітшілікті орнықтыру қызметі жолында қолданылғаны мәлім.

Бүгінгі таңда, бүкіләлемдік тәжірибе медиацияның ірі бизнестерден бастап, жанұялық дау-жанжалдарда, айрылысу мен дүниені бөлісу деген сияқты



мәселелерде қолданылады.

Іс-шара соңында қойылған сұрақтарға толықтай жауаптар берілді.

Қорғалжын аудандық сотының жетекші маманы Л.Нурбекқызы

## Об Административном процедурно-процессуальном кодексе

Современные реалии обуславливают повышенный интерес к вопросам административной юстиции.

Основная задача Административно-процедурно-процессуального кодекса (далее - АППК) - охрана прав и свобод граждан, юридических лиц от незаконных действий государственных органов в сфере публичного права.

Кодекс регулирует общественные отношения между государственными органами и физическими, юридическими лицами, связанными с реализацией публичных прав.

К примеру, гражданин хочет получить от государства земельный участок. АППК детально прописывает этот порядок, т.е. как нужно подавать заявления, как государственный орган их рассматривает и принимает по ним решения.

Помимо этого АППК регулирует порядок разрешения споров между государственным органом и физическими, юридическими лицами в случае несогласия с принятым решением должностного лица на досудебной стадии (административная процедура), и в суде (административное судопроизводство).

То есть Кодекс объединил

вопросы взаимоотношения граждан и юридических лиц, как с государственными органами, так и с судом, начиная с подачи заявления и до вынесения окончательного решения судом по определенному вопросу.

По большому счету, АППК призван уравнивать права простого человека с теми, в чьих руках власть. Административное судопроизводство будет более привлекательным для граждан и юридических лиц.

АППК закрепляет новые принципы, которые обязательны для соблюдения всеми органами. Они призваны защищать лиц от возможных злоупотреблений со стороны властных субъектов.

Теперь государственная мера, ограничивающая права и свободы граждан, должна быть соразмерной, то есть быть пригодной и необходимой (принцип соразмерности). Все сомнения, противоречия и неясности актов законодательства толкуются в пользу граждан (принцип приоритета прав).

Гражданин может быть уверенным, что решение,

принятое государственным органом, является законным. Если незаконное решение противоречит интересам общества, то оно отменяется с обязательной компенсацией ущерба добросовестному гражданину (принцип охраны права на доверие).

Данный Кодекс станет новой ступенью отношений между государством и обществом в соответствии с идеей правового государства. Судебный контроль за государственными органами, указание на недостатки и ошибки поможет повысить качество работы всех задействованных в процессе сторон.

Мы рассматриваем административную юстицию как залог устойчивого и сбалансированного развития правовых институтов и обеспечения верховенства права.

Судья  
Специализированного  
межрайонного суда  
по делам  
несовершеннолетних  
Акмолинской области  
Жарылгасов Бахытжан  
Дауренбекович



### ЖҰМЫСҚА ШАҚЫРАМЫЗ

"Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының Ақмола облысы бойынша департаменті" РММ 2021 жылғы Қазақстан Республикасы халқының Ұлттық санағын өткізу үшін мына санаттағы мамандарды өтемелі қызмет көрсету шарттары бойынша жұмысқа қабылдау туралы хабарлайды:

**1. Нұсқаушы-бақылаушы** - қызмет көрсету кезеңі 2021 жылғы 24 қыркүйектен 7 қарашаға дейін, жалақысы 125014 теңге;  
**2. Интервьюер (есептеуші)** - қызмет көрсету кезеңі 2021 жылғы қазанның 1-інен 30-ына дейін, жалақысы 104179 теңге.

Анықтама телефоны: (8-7162) 25-05-48, 40-10-21 электронды мекен-жай [modem.kokshetau@statdata.kz](mailto:modem.kokshetau@statdata.kz)



### ПРИГЛАШАЕМ НА РАБОТУ

РГУ «Департамент Бюро национальной статистики Агентства по стратегическому планированию и реформам Республики Казахстан по Акмолинской области» для проведения национальной переписи населения Республики Казахстан 2021 года объявляет о приеме на работу по Договорам возмездного оказания услуг следующих категорий специалистов:

**1. Инструктор-контролер** - период оказания услуг с 24 сентября по 07 ноября 2021 года, заработная плата - 125014 тенге;  
**2. Интервьюер (сметчик)** - период оказания услуг с 01 по 30 октября 2021 года, заработная плата - 104179 тенге.

Телефон для справок: (8-7162) 25-05-48, 40-10-21, электронный адрес: [modem.kokshetau@statdata.kz](mailto:modem.kokshetau@statdata.kz)

## Көкшетауда III аймақтық театрларының фестивалі өтеді

Шахмет Құсайынов атындағы қазақ музыкалық-драма театрының 25 жылдығы және "Көкшетау-Қазақстанның мәдени астанасы" іс - шаралар жоспарын жүзеге асыру аясында облыс орталығында ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған III аймақтық театрлар фестивалі өтеді, деп хабарлайды ішкі саясат басқармасы.

Мәдениет, архивтер мен құжаттамалар басқармасының хабарлауынша, іс-шараны 17-20 қыркүйек аралығында өткізу жоспарланған. Мерекеге Қарағанды, Қостанай, Павлодар және Петропавлдағы облыстық қазақ театрлары қатысады деп күтілуде.

"Биыл Көкшетау Қазақстанның мәдени астанасы болып жарияланды. Жыл бойы мәдениет және өнер ұйымдары еліміздің барлық өңірлерінен Көкшетауға келіп, өз жетістіктерін насихаттайды, түрлі конкурстарға қатысады, көрмелер, концерттер ұйымдастырады. Бұл үрдісті жалғастыра отырып, қыркүйек айында облыс орталығында аймақтық театрларының фестивалі өтеді, ол сөзсіз өнердің нағыз мерекесіне айналады", - деп атап өтті облыстық ведомствоның басшысы Айгүл Сәбитова.

Театрларының фестивалі биыл 25 жылдығын атап өтетін облыстық қазақ музыкалық драма театрының алаңында өтеді. Ширек ғасыр ішінде мәдениет ошағы сахнасында көрермендерге көптеген спектакльдер,

қойылымдар, музыкалық комедиялар ұсынылды, олардың жетістіктерін мекеменің нағыз кәсіпқойлары — шығармашылық ұжымдарының тамаша жұмысы анықтады.

Облыстық театр өзінің жаңа XXV театр маусымын 9 қыркүйекте "Тендерге түскен келіншек" драмасының премьерасымен ашады. Адами құндылықтарды дәріптейтін және қоғам мәселелерін қозғайтын спектакльдің қоюшы-режиссері Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген қайраткері Оразхан Кенебаев.

Көрермендердің қауіпсіздігі үшін театр маусымы "Ashyq" қосымшасы арқылы пилоттық режимде өтеді.

Айта кетейік, "Көкшетау - Қазақстанның мәдени астанасы" жобасы аясында облыс орталығында бірқатар іс-шаралар өткізілді. Олардың қатарында "Алты алаштың Жамбылы" жылжымалы көрмесі, "Ұлы дала жауһары" көрмесі, "Ән сүйген кербез Көкше" эстрадалық ән жас орындаушылардың онлайн байқауы бар.

Құрылтайшы меншік иесі:  
ЖШС «Нұр-Аяужан»  
Б. Шайзада  
Бас редактор:  
Ботагөз Сембайқызы

Мекен-жайы:  
Ақмола облысы,  
Қорғалжын ауылы,  
Досымсейіт Отарбеков  
көшесі 9,  
тел: +77756709906  
+77026437002

Газет  
Қазақстан Республикасы  
Мәдениет және Ақпарат  
министрлігі  
Ақпарат және Мұрағат  
комитетінде тіркеліп,  
№12797-Г куәлік алған  
(01.06.2012)

Газет «Нұр-Қорғалжын»  
«Нұр-Аяужан» ЖШС  
редакциясында теріліп жиналды,  
«Медиа-холдинг ERNUR» ЖШС  
Астана қ-сы, Сілеті к-сі 30,  
Тапсырыс № 647  
Таралымы 600 дана  
Аптаның әр бейсенбі  
күндері шығады

Автордың пікірі редакцияның  
көз-қарасын білдірмейді.  
\*\*\*\*\*  
Қол жазба рецензияланбайды  
және авторға қайтарылмайды  
\*\*\*\*\*  
Редакция хаттарға жауап беруге міндетті емес  
\*\*\*\*\*  
Ұсынылған материалдардағы фактілер  
үшін автор жауап береді  
\*\*\*\*\*  
Интернеттен алынған ақпараттар  
басқа автор атынан жарияланбайды.